

## Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1440

Отын-энергетика кешенінің жұмысын тұрақтандыру және бюджеттік ұйымдардың тұтынған жылу энергиясы үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес алған жылу энергиясы үшін берешегі бар республикалық бюджеттік мекемелердің қаржыландыру есебіне заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша 74103 мың (жетпіс төрт миллион жүз үш мың теңге) сомаға республикалық бюджет алдындағы "Семей көмірлері" акционерлік қоғамының берешегіне есептеме жүргізісін.

2. Осы қаулының 1-тармағында белгіленген сомаға аталған есептеме шеңберінде: "Гортеплокоммунэнерго" өндірістік бірлестігі мен Семей ЖЭО-на

республикалық бюджеттік мекемелердің тұтынған жылу энергиясы үшін берешегін өтеу жүргізілсін;

"Семей көмірлері" акционерлік қоғамы "Гортеплокоммунэнерго" өндірістік бірлестігі мен Семей ЖЭО-ның оларға жөнелтілген көмір үшін берешегін өтеу жүргізілсін.

3. Берешек есептемесі аталған соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 25 қарашадағы

N 1440 қаулысына

қосымша

Алған жылу энергиясы үшін берешегі бар, есептемеге қабылданатын республикалық бюджет мекемелерінің

ТІЗБЕСІ

---

Ұйымдардың атаулары | Есептемеге қабылданатын

| берешек сомасы

| Барлығы| Оның ішінде

| "Гортеп. |Семей

| локоммун. |ЖЭО

| "энерго" |

---

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің Семей облыстық басқармасы	6000	4740	1260
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Семей коммуналдық-пайдалану бөлімі	36000	10000	26000
Ішкі әскерлер бас басқармасының N 5511 әскери бөлімі	1220	1220	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Семей мемлекеттік медицина институты	7256	7256	
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің СЕ N 165/3 мекемесі	8627		8627
Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің "Семей" мемлекеттік университеті	15000	15000	
Жиыны	74103	38216	35887